

2022 оқу жылына арналған мектеп-гимназия бойынша қамқоршылық кеңес
отырысының

Хаттамасы №1

Өткізілген күні: 2022 жыл, 30 наурыз
Барлық кеңес мүшелері
Қатысқандар: 9 адам
Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде

1. Мектеп-гимназияның «Демеу» қамқоршылық кеңесінің 2022 оқу жылына арналған кеңес мәжілісінің күн тәртібін бекіту.
2. Мектеп-гимназияның 3 жылға арналған перспективалық даму жоспарының басым бағыттарымен таныстыру.

Тыңдалды

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасы Шалмуканов Дархан сөз алып, қамқоршылық кеңестің 2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Сонымен қатар, қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеті туралы да тереңірек тоқталып өтті. Өз сөзінде Дархан Куатович: қамқоршылық кеңестің мақсаты: білім беру ұйымына қолдау көрсету, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық – техникалық базасының нығаюына септесу, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу екенін айтты. Қамқоршылық кеңесі жұмысының бағыттары мен функцияларын да атап өтті. Өз сөзін қорытындылай келе, төраға қамқоршылық кеңесінің басым бағыттары: білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс –шараларға көмек көрсету екендігін айта келе, кеңестің негізгі міндеті -әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен мен жұмыспен қамтылуын жақсарту, олардың жай-күйіне қолдау көрсету, деп түйіндеді.
2. Кезекті мәселе бойынша мектеп-гимназияның 3 жылға арналған перспективалық даму жоспарының басым бағыттары туралы Хамитова Тамара сөз алды. Қазіргі уақыттағы білім беру саласында енгізіліп жатырған инновациялық өзгерістер мектеп педагогтарының кәсіби дамуын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Біздің алдымызда отырған бүгінгі шәкірт-еліміздің ертеңі екендігіне тоқталып, сондықтанда қазіргі білім берудің басты қағидаты-оқушының қажеттіліктеріне сай игеретін мамандыққа сәйкес

бағдарланған сыныпқа негізделуі қажет екендігін айтып, алдымызда білім алып отырған шәкірттерге білім беру құндылықтарға негізделу керек екендігін атап айтты. Мектеп-гимназияны дамытудың перспективалық жоспарын жасақтау барысында біз ұжымның барлық мүшелерімен өзара ақылдаса отырып, оқу мен тәрбие үдерісін осы құндылықтарға негізделу қажет деген ұйғарымға тоқтадық. Сол себептен, мектептің миссиясында, болашаққа бағдар мен стратегиялық басымдықты да осы негізге орайластырып алуға тырыстық. Біздің алдымызда отырған әр шәкірт өзіндік пікірі қалыптасқан, жауапкершілігі дамыған, өз-өзіне сенімді, айналасындағыларға құрметпен қарай алатын, рухани жан дүниесі дамыған тұлға болып қалыптасуы қажет деп есептейтігі туралы айта келе, бес жылға жоспарланған мектептің перспективалық даму жоспары педагогтердің кәсіби дамуы мен зерттеу құзыреттілігін дамыту арқылы оқушыларымыздың бойына рухани құндылықтарды сіңірте отырып, білім сапасын арттыруға бағытталғандығына тоқталды. Жоспарда мектеп-гимназия ұжымда инновациялық идеялар, білім трендтері туралы түсінікті қалыптастыра отырып, осы идеяларды жүзеге асыру мақсатында мектептегі көшбасшыларды өзара бірін-бірі қолдауға жұмылдыра отырып, бөлінген көшбасшылық арқылы «Мектеп командасын» жасақтау жұмысын қолға алу. Сонымен бірге білім беру саласындағы ынтымақтастық стратегиясын, оның ішінде «Бірін- бірі оқыту» (PeerLaerning) трендін негізге ала отырып, педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын жетілдіре отырып, «Іс-әрекеттегі зерттеу жобасы» арқылы оқушылардың оқыту сапасын арттыру» атты инновациялық жобасын іске асыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мектеп-гимназия директоры өз сөзін қорытындылай келе, оқушының логикалық құрылымын, позитивті оқу ортасын, бәсекелестік қабілетін құру мақсатына орай «Геймификация», білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын және зерттеу құзыреттілігін STEAM- білім беру тренді арқылы дамыту жұмыстары да қолға алынбақ екендігін атап айтты.

Қаулы:

1. Мектеп-гимназияның «Демеу» қамқоршылық кеңесінің 2022 оқу жылына арналған кеңес мәжілісінің күн тәртібі бекітілсін.
2. Мектеп-гимназияның 3 жылға арналған перспективалық даму жоспары оқу үдерісіне енгізілсін.

Төраға









Хатшы



Шалмуканов Дархан Куатович

Муханова Даурия Тулеуовна

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Шалмуканов Дархан Куатович 
2. Жахиев Канат Салешович 
3. Өмірзахова Сәулеш Асылбекқызы 
4. Дюсембаева Сымбат Кармысовна 
5. Куанышев Нұрберген Куанышұлы 
6. Бекім Бағытжан Сәбитұлы 
7. Бакитова Лиза Тилеккабыловна 
8. Скендерова Айжан Мусахановна 
9. Дюсенова Кумис Шалхаровна 